АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ
«БІРЛЕСКЕН МҰРАЖАЙЛАР ДИРЕКЦИЯСЫ» МКҚК

ГККП «ДИРЕКЦИЯ ОБЪЕДИНЕННЫХ МУЗЕЕВ»
АКИМАТА ГОРОДА АСТАНЫ

БҰРЫШТАМА / ФИШКА

Шұғыл
Срочно _____

Нәтижесі баяндалсын
Сообщить результат _____

Орындау үшін
Для выполнения _____

Ұсыныс үшін
Для предложения _____

Мәлімет үшін
Для сведения _____

Қарастыру үшін
Для рассмотрения _____

Қатысу үшін
Для участия _____

Жұмыс үшін
Для работы _____

Көшірмесі маған
Копию мне _____

Жауап дайындалсын
Подготовить ответ _____

Жауапты тұлға / Ответственное лицо Юр. отдел - к работе

Тапсырма / Поручение _____

Орындау мерзімі мен уақыты
Срок и время выполнения _____

Директор Солодовников П.

Кіріс/Вх. № 04-47-102 «18» 03 2025

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 14 ақпан №7119-25-00-2/226 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты төрағалық етуші судья Б.К.Нұрланов, сот отырысының хатшысы Реймов Н.Ә. құрамында, ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электронды азаматтық істі қарап

ТАЛАП ҚОЮШЫ:

Астана қаласы әкімдігінің "Бірлескен мұражайлар дирекциясы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі- МКҚК)

ЖАУАПКЕР:

«БД Инвес» жеке кәсіпкері (бұдан әрі-ЖК)

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:

мемлекеттік сатып алудын жосықсыз қатысушы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:

Талап қоюшының өкілі: Иргулова А.С.

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2024 жылғы 24 сәуірдегі №12211990 қорытындылары туралы хаттаманың негізінде «БД Инвес» ЖК жеңімпаз болып танылды, бұдан әрі онымен 1 000 000 теңге құрайтын 2024 жылғы 02 мамырдағы «Полиграфиялық қызметтер» мемлекеттік сатып алу туралы №112 шарт жасалған.

Шарт бойынша жеткізу мерзімі – 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін.

Келісім-шарттың №2 қосымшасына сәйкес, орындау мерзімі тапсырыс беруші макеттерді бекітілгеннен кейін үш жұмыс күні ішінде.

2024 жылғы 10 шілдедегі №240113/00/1 көрсетілген қызмет актісі бойынша, тапсырыс берушімен 380 600 теңге сомасында қызмет қабылданды.

2024 жылғы 22 қазандағы №240113/00/2 көрсетілген қызмет актісі бойынша, тапсырыс берушімен 124 500 теңге сомасында қызмет қабылданды.

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ "БІРЛЕСКЕН МҰРАЖАЙЛАР ДИРЕКЦИЯСЫ" МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ КОММУНАЛЬНОЕ КАЗЕННОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ "ДИРЕКЦИЯ ОБЪЕДИНЕННЫХ МУЗЕЕВ" АКИМАТА ГОРОДА АСТАНЫ
«18» 03 2025 ж.
№ 04-46-102

2024 жылғы 04 желтоқсанда макетін алдын ала бекіте отырып, 2024 жылғы 09 желтоқсанға дейін 500 дана көлемінде тапсырыс бланкілерін өндіруге өнім берушіге өтінім жіберілді.

Өнім беруші белгіленген мерзімде өз міндеттемелерін орындамаған, одан әрі, 2024 жылдың 09 желтоқсанында жеткізушінің бұрын ұқсас өнімдерді шығарғанын ескере отырып, тапсырыс беруші 2024 жылдың 13 желтоқсанына дейін макеттерді үйлестірмей қызмет көрсету қажеттігін хабарлады.

Тапсырыс бланкілері белгіленген мерзімде жасалмаған, осыған байланысты, тапсырыс беруші 2024 жылғы 17 желтоқсанда шартты біржақты тәртіппен бұзу ниеті туралы хабарлама жіберген.

Келісім-шарт біржақты тәртіпте 2024 жылдың 31 желтоқсанда бұзылды.

Талап қоюшы жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы арызымен сотқа жүгінген, шарт бойынша міндеттемелерді тиісінше орындамағанын көрсеткен.

Жауапкер талап арызға жазбаша жауап жібермеген.

Сот отырысында талапкердің өкілі талап арыздын жазбаша дәлелдерін келтіре отырып, талап қоюды қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер тиісті хабарлама бойынша сот отырысына қосылып, оның атынан шартты басқа тұлғалар жасасқанын түсіндірді, сондықтан басқа өкілді тартуды сұрады.

Қайта қосылу кезінде, басқа адам өзін компанияның заңгерімін деп таныстырды, бірақ сот талқылауына қатысу құқығын дұрыс растай алмады және сот отырысын кейінге қалдыруды сұрады.

«BD Invest» ЖК жеке тұлға болып табылатынын ескере отырып, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі- ҚР АК) және Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі- ҚР АПК) талаптарына сәйкес, оның өкілі нотариалды куәландырылған сенімхат беруге және жұмысқа қабылдау туралы бұйрық беруге міндетті болды.

Алайда аталған құжаттар сотқа ұсынылмаған, соған байланысты сот аталған өкілді іске қатысудан шеттеткен және іс ҚР АПК-нің 196-бабының 4-бөлігінің ережелері бойынша жауапкердің қатысуынсыз қаралған.

<u>ҰӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі - Заң) 12-бабының 5 тармағына сәйкес, осы баптың <u>4-тармағы</u> бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі заңды күшіне енген сот шешімдерінің негізінде қалыптастырылады.

Құжатқа қол қойылған: Нұрланов Б. К., 14.02.2025

Заңды күшіне енген күні: 17.03.2025, судья Нұрланов Б. К., 18.03.2025

7119-24-3-1/17269

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының «Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдануы туралы» 2022 жылғы 21 сәуірдегі №4 Нормативтік Қаулысының 8-тармағына сәйкес /әрі қарай - ЖСНҚ/ - мемлекеттік сатып алу туралы өнім берушілермен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талап қоюларды қарау кезінде соттар АК-нің 359-бабына сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізі ретінде өнім берушінің кінәсін және АПК-нің 6-бабының бесінші бөлігіне сәйкес әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып, Тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдарларды назарға алуы қажет.

Шарт тарабына шартты жасасу кезінде үміт артуына құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айырылуына келтірген залалды жағымсыз салдарлар деп түсінген жөн (АК-нің 401-бабының 2-тармағы).

ЖСНҚ-ның 3 тармағына сай, әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптары және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша анық емес ақпарат беру фактісін анықтаған органдар, тапсырыс беруші Заңның 12-бабының 4-тармағында көзделген жағдайда, әлеуетті өнім берушіні (өнім берушіні) мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен Заңда белгіленген мерзімдерде сотқа жүгінуге міндетті.

Бұл мерзімдер түпкілікті болып табылады, осы мерзімдердің өтуі әлеуетті өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы арызды қанағаттандырудан бас тарту үшін негіз болып табылады.

Істі қарау барысында, өнім берушінің шарт бойынша өзіне алған міндеттемелерін бұзуы талап қоюға негіз болғаны анықталды.

Техникалық ерекшелік талаптарын бұза отырып, жауапкер тапсырыс берушінің 2024 жылғы 4 желтоқсандағы талабын орындамаған, бұл жағдай келісім-шартты бұзу ниеті туралы хабарламаны жіберуге негіз болған.

Осылайша, жеткізуші шарт бойынша өзіне алған міндеттемелерін тиісінше орындамаған, шартта көзделген 1 000 000 теңгеге қызмет көрсетуден 505 100 теңгені ғана орындаған.

Заңның 43-бабының 23-тармағына сәйкес, тапсырыс беруші мен өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша қабылданған міндеттемелерді толық орындаған жағдайда көрсетілген шарт орындалды деп есептеледі.

ҚР АК 401 бабының 2 бөліміне сәйкес, тараптардың біреуі шартты бұзып, ол екінші тарап шарт жасасу кезінде үміт артуға құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айрылып қалатындай шығынға әкеп соқса бұл шарттың едәуір дәрежеде бұзылуы деп танылады.

Құжатқа қол қойылған: Нурланов Б. К., 14.02.2025

Заңды күшіне енген күні: 17.03.2025, судья Нурланов Б. К., 18.03.2025

7119-24-3-1/17269

Сатып алу жоспарында көзделген бюджет қаражаты игерілмегені анықталған, тапсырыс беруші шарт жасасу кезінде күткенін алмаған, бұл ол үшін жағымсыз салдарлар болған деген қорытындыға әкеледі.

Жоғарыда көрсетілгендей, шартты тапсырыс беруші біржақты тәртіппен бұзған, бұл әрекеттер жауапкерлермен дауланбаған, сондықтан ол өзінің кінәсін шартты бұзуға келіскен.

Жоғарыда айтылғандар, өнім берушіні мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тануға мүмкіндік беретін, бір мезгілде екі фактор – өнім берушінің кінәсі және тапсырыс беруші үшін жағымсыз салдарлардың туындауынан көрінетін белгілердің заңда көзделген жиынтығы бар дегенді білдіреді.

Мұндай жағдайларда өнім берушіні мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатусышы деп тану туралы талабы орынды және қанағаттандырылуға жатады.

ҚР АПК 117 бабының 3 тармағына сәйкес, талап қоюшы төлеуден босатылған мемлекеттік баж, сондай-ақ іс бойынша іс жүргізуге байланысты шығындар сот мемлекет кірісіне шығыстарын төлеуден босатылмаған жауапкерден толық немесе талап қоюдың қанағаттандырылған бөлігіне пропорционалды өндіріліп алынады.

Осы ережелерге сай, жауапкерден 1 846 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндіруге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

талап қоюшы Астана қаласы әкімдігінің "Бірлескен мұражайлар дирекциясы" МКҚК жауапкер «БД Инвес» ЖК қатысты мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы - қанағаттандырылсын.

«БД Инвес» ЖК ЖСН 890914301477 мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«БД Инвес» ЖК-ден ЖСН 890914301477 мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Тараптар және прокурор шешімге ол түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық

Құжатқа қол қойылған: Нурланов Б. К., 14.02.2025

Заңды күшіне енген күні: 17.03.2025, судья Нурланов Б. К., 18.03.2025

сот алқасына апелляциялық шағым немесе (және) өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья Б.К.Нұрланов

Құжатқа қол қойылған: Нұрланов Б. К., 14.02.2025

Заңды күшіне енген күні: 17.03.2025, судья Нұрланов Б. К., 18.03.2025

119-24-3-1/17269